

ОБЩЕСТВЕННО-ГУММАНИТАРНЫЕ НАУКИ

ӘОК 91:801.311 (574)

Каймулдинова Күләш Дүйсенбайқызы - г.ғ.к., доцент, Елтану кафедрасының меңгерушісі (Алматы, ҚазҰПУ)

**ЛАНДШАФТТАРДЫ ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУДЕ ТОПОНИМИКАЛЫҚ
МӘЛІМЕТТЕРДІ ПАЙДАЛАНУДЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ**

Ландшафт өзгерістеріне себепші болатын табиғи және антропогендік факторлардың кеңістіктік-уақыттық шамаларының әркелкілігімен қатар, ландшафтың жеке компоненттерінің “тұрақтылық дәрежесінің” әр түрлілігі ландшафттарды қалпына келтіру ісінде әр түрлі әдіс-тәсілдерді пайдалануды қажет етеді. Тарихи географиялық зерттеулердің нәтижелері табиғи факторлар (климат өзгерістері және т.б.) әсерінен болатын ландшафтық өзгерістер қайтымды сипатта болатынын, ал антропогендік, техногендік әрекеттердің күшті өзгерістерге ұшырайтындығын көрсетеді. Аталған өзгерістерді “куәландыратын” деректер қатарында топонимикалық мәліметтерді атауға болады. Осы тұрғыдан алғанда, Қазақстан топонимдерін қоршаған ортаның өзгерістерін зерттеуде және ландшафттарды жаңғыртуда пайдалануды зерттеудің өзектілігі анықталады.

Бұрын Қазақстан топонимиясы негізінде бұл мәселелердің жете зерттелмеуімен түсіндіріледі. Орта ғасырлардан бері еліміз аумағында табиғи ортаның айтарлықтай өзгерістері болған. Оны қазіргі кездегі палеогеографиялық, палинологиялық деректер дәлелдеп отыр. Ресей топонимикасында ХХ ғасырдың орта шенінен бері дамып келе жатқан бұл бағыт біздің арнайы зерттеулерімізде шолу түрінде ғана қарастырылған болатын.

Жергілікті топонимикалық мәліметтерді байырғы ландшафттарды қалпына келтіру (реконструкция) ісінде пайдалану мүмкіншіліктері топонимдердің белгілі бір ландшафт аумағында “шоғырлану” заңдылығына және топонимдердің көп жағдайда табиғат ерекшеліктерін дәл бейнелейтіндігіне негізделген. Тарихи географияда бұл әдіске негіз салушылар қатарына Ф.П. Саваренский мен В.П. Семенов-Тянь-Шанскийді жатқызуға болады.

Қазіргі заман зертеулері үшін В.П. Семенов-Тянь-Шанскийдің мына бір сөздері өз маңызын әлі де жойған жоқ: “... табиғи-географиялық пейзаж әлденеше рет апатты өзгерістерге түскен географиялық облыстардағы атаулар бойынша жеке аудандардағы пейзаждың бастапқы қалпын көп жағдайда қалпына келтіруге болады. Сөз, өзі атап тұрған затқа қарағанда мықтырақ сияқты” [1, 156-б]. Бұл үзіндідегі “пейзаж” сөзін қазір қолданылып жүрген “ландшафт” терминімен алмастырсақ, біз қарастырғалы отырған бағыттың түп-негізі тым әріде жатқандығын байқауға болады. Ғалымның елді мекен аттарын талдау барысында жербедер элементтерінің, өзен-көлдердің, өсімдік түрлерінің, жануарлардың атауларына басты көңіл бөлуі, орасан мол статистикалық мәліметтерді өңдеуі бұл әдістің тарихи географиядағы тиімді бағыттардың біріне айналуына негіз болды.

В.С. Жекулин тарихи-ландшафттық зерттеулердің негізгі әдістерінің бірі ретінде топонимикалық және ландшафтық-лексикологиялық әдісті атаған [2-4]. Оның еңбектеріндегі топонимикалық әдістің мәні “топонимикалық және ландшафтық-лексикалық мәліметтердің геокешендер бойынша таралуына және ландшафтық ерекшеліктер мен адамның табиғатқа әсеріне қатысты талдануына” байланысты ашылады

[4, 77-6]. Өйткені топонимдер белгілі бір ландшафтта осы аумақтың ертеректе игерілу ерекшеліктері мен табиғи кешеннің жекелеген белгілерін «бекіткен».

Бұл әдіс негізінен ландшафт дамуының табиғи индикаторлары деп атауға болатын, оның ең жылдам өзгертін элементтерін зерттеуге негізделген тарихи-физикалық-географиялық тәсілдерге сүйенеді. Табиғи индикаторлардың әдетте биогендік, гидроморфтық және литогендік деп аталатын үш тобы жіктеледі. Ландшафттың ең өзгермелі құрамбөліктеріне өсімдік, жануарлар дүниесі, биоценоздар, топырақтар жатады. Бұл нысандарды тарихи-географиялық зерттеу реликтілік элементтерді анықтау, тарихи кезеңдерде ареалдардың өзгеруін бақылау, дамудың жалпы процесін зерттеумен байланысты болады.

Әсіресе өсімдік жамылғысы – ландшафттың сипатын анықтаушы басты индикаторлардың бірі. Сондықтан оның өзгерістері жалпы ландшафт өзгерістерінен хабар береді.

Ресей тарихи географиясында топонимикалық әдісті ғылыми негіздеп, дамытуда Е.Л. Любимованың, Э.М. Мурзаевтың және т.б. зерттеулерінің маңызы зор болды. Бұл зерттеулерде картографиялық тәсілдер көмегімен Орыс жазығындағы кейбір ағаш түрлерінің таралу ареалдары топонимикалық мәліметтер негізінде бейнелеудің әдістемелері жасалынды. Бұл әдістеме зерттеу жұмыстарының бірнеше кезеңмен жүргізілуіне негізделген: алдымен белгілі бір ағаш түрінің атауына қатысты топонимдер тізімі жасалынып, екінші кезеңде осылардың ең шындыққа жанасымдылары таңдалып іріктелінеді, келесі кезеңде іріктелген топонимдер, аталған өсімдіктердің қазынды қалдықтары табылған орындар картаға түсіріледі. Қорытынды нәтижелер топонимика мәліметтері бойынша межеленген ареал мен қазынды қалдықтар ареалының шекараларының сәйкес келуі негізінде жасалынады. Ғалымдар фитоним, зооним негізінде қалыптасқан топонимдерді іріктеу барысында адам аттары мен ата-тегімен байланысты шатасу болуы мүмкін екендігін ерекше ескертеді [5, 303-6].

Бұл тұрғыда ойпатты біртекті ландшафттардың жөні бір басқа, мұнда әрбір тау мен төбе атаған кезде нақтылауды қажет етпейтін айрықша қоныс болып табылады. Е.Л. Любимова мен Э.М. Мурзаевтың еменге қатысты салыстырмалы негативтілік жөнінде айтқан пікірлерімен онша келісуге болмайды. Шындығында да, Новгород облысында көптеген елді мекендер «дуб» сөзінен пайда болған атауларға ие. Дегенмен бұл еменнің ертеректе сирек кездесетіндігін дәлелдемейді. Бұрын емен ормандары жақсы дренаждалатын үлескілер, оңтүстік экспозициядағы беткейлер сияқты неғұрлым қолайлы жерлерді алып жатқан. Емен тоғайлары өскен жерлерде «поддубицалар» деп аталатын құнарлы топырақтар қалыптасқан. Жалпы алғанда, көбінесе еменді ормандар аңғар маңы және көл жанындағы жерлерде дамиды.

Тарихи географияның деректері бойынша, алғашқы қоныстанушылар өзінің қоныстарын емен тоғайлары орнына немесе олардың маңына орналастырған. Еменнің мықты сүрегін жергілікті халық әр түрлі бұйымдар жасауға кеңінен қолданған. Осы тұрғыдан алғанда, емен мен «еменді жерлердің» экономикалық маңызы басқа ағаштардың ормандарына қарағанда жоғары бағаланған. Еменмен байланысты атаулардың кеңінен таралуы да ең алдымен осылай түсіндіріледі. Бұл мысалдан физикалық-географиялық жағдайларды, географиялық кешеннің жеке құрамбөліктерін сипаттайтын топонимдердің салыстырмалы негативтілігі заңын ұдайы пайдалана беруге болмайтынына күмән келтіреміз.

Топонимикалық мәліметтерді ландшафттарды қалпына келтіру ісінде пайдалану барысында жекелеген топонимдермен қатар, топонимикалық кешендер қоса зерттеледі. Өйткені тарихи география салсында жүргізілген зерттеулер олардың жинақталған күйде аумақтың игерілуін бейнелейтін атаулар топтары болып табылатынын анықтап отыр.

Мысалы, Оңтүстік Қазақстандағы өзен бойларына жақын аумақтарда тұрғын халықтың қарқынды шаруашылық әрекетіне байланысты суармалы егін шаруашылығының түрлерін, топырақ түрлері мен жалпы егіншілік жерлердің сапасын, кейбір кәсіпшілік түрлерін бейнелейтін атаулар кешені қалыптасқан. Бұл аймақтарда суармалы егіншілікпен байланысты терминдер мен топонимдердің өте жіктелген, жетілген болып келуіне жергілікті аридті климат, өзендердің қоныстану барысында шешуші ықпал етуі, тұрғын халықтың шаруашылықты ұйымдастыруының тарихи қалыптасқан дәстүрлерімен және отырықшы өмір салтына салыстырмалы түрде ерте көшуі себепші болған.

Мұндай атауларды зерттеу талдамалық және кешенді ландшафттық-топонимикалық карталарды құрастырумен қоса жүргізіледі. Сонымен қатар, неғұрлым жете талдау үшін белгілі бір топонимге сәйкес келетін ландшафттық жағдай көрсетілген ірі масштабты карта-сызбаларды пайдалану жақсы нәтиже береді. Ландшафттық-топонимикалық карталарды тарихи ландшафттануда қолдану ерекшелігі мынада: барлық топонимикалық және ландшафттық-лексикологиялық материал геокешендер бойынша жинақталып және ландшафт ерекшеліктеріне, адамның табиғатқа ықпалына байланысты талданады. Осындай талдаулар жүргізу барысында анықталғаны – көптеген атаулар белгілі бір ландшафттарға немесе олардың морфологиялық бірліктеріне шоғырланғандығы.

Ландшафттардың байырғы сипатын қалпына келтіруде жергілікті географиялық терминдер негізінде қалыптасқан топонимдердің маңызы зор. Бұл мәселеде “терминдердің қазіргі және тарихи диалектологиясын, бұрынғы мағынасын, сондай-ақ қолданудан шығып қалған терминдерді ескеру қажет” [6, 5-б]. Жергілікті географиялық терминдер табиғи нысандар аттарында индикаторлық қызмет атқарып, нақты табиғат жағдайларынан мәліметтер береді.

Ландшафттарды қалпына келтіру ісінде топонимикалық мәліметтерді қосымша деректермен (археологиялық, палинологиялық, тарихи және т.б.) толықтырып, салыстырудың маңызы зор. Географтар бұл мәселеде саяхатшылардың жазбаларын, көне карталардың мәліметтерін кеңінен пайдалануы тиіс.

Ландшафттарды топонимдер көмегімен “жаңғыртуды” жеке ландшафт құрамбөліктеріне қатысты деректерден бастау орынды. Бұл ретте әсіресе, өсімдік жамылғысының сипатын бейнелейтін атаулардың көптігіне орай, тарихи геоботаниканың мәліметтерін пайдаланудың өнімді нәтижелерге жеткізетінін байқадық. Табиғатты қорғаудың географиялық негіздегі салалары қазіргі антропогендік әрекеттер қарқынының артуына байланысты табиғат өзгерістерін зерттеу ауқымын кеңейтуі қажет.

Қорытынды

Сонымен, тарихи географияның жеке зерттеу әдісі болып табылатын топонимикалық деректерді пайдалану тәсілін дамытып, оның табиғатты қорғау ісіндегі қолданбалы мәнін жоғары дәрежеге көтерудің маңызы зор деп есептейміз. Аталған мәселелер Қазақстан топонимикасын палеоэкологиялық зерттеулермен ұштастыруға мүмкіндік беріп, жаңа бағыттағы зерттеулерге жол ашады.

ӘДЕБИЕТ

1. Семенов-Тянь-Шанский В. П. Как отражается географический пейзаж в народных названиях // Землеведение, М., 1924, т. 26, вып. 12, с. 133-158.
2. Жекулин В.С. Историческая география ландшафтов. Новгород, 1972, 229 с.
3. Жекулин В.С. Историческое ландшафтоведение и топонимика // Физико-геогр. научные доклады. Л., 1976, с. 13 – 17.
4. Жекулин В.С. Историческая география. Предмет и методы. Л., Наука, 1982, 224 с.
5. Любимова Е.П. Мурзаев Э.М. Топонимические свидетельства географических условий прошлого Русской равнины // Современные проблемы географии. М., Наука, 1964, с. 303- 308.

6. Поспелов Е.М. Топонимика и историческая география //Топонимика и историческая география (сб.) М., МФГО, 1976, с. 4 – 9.

УДК 91(091)

Мазбаев Орденбек Блисбекович - к.п.н, доцент (Алматы, КазНПУ им. Абая)

НАПРАВЛЕНИЯ РАЗВИТИЯ ТУРИСТСКОГО СПРОСА В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН

Туризм – это сложное многогранное и многоаспектное проявление общественной жизни, он является одной из крупнейших высокодоходных и наиболее динамичных отраслей экономики. Туризм оказывает огромное влияние на такие ключевые секторы хозяйства, как транспорт и связь, торговля, производство товаров народного потребления, сельское хозяйство, сфера обслуживания, строительство и многие другие, выступая катализатором социально-экономического развития. По прогнозам специалистов XXI век станет веком туризма.

Не остался в стороне от столь бурного развития мирового туризма и суверенный Казахстан, который обладает огромными потенциальными возможностями развития рекреации и туризма и создания на этой основе современной высокоэффективной индустрии туризма.

Казахстан примечателен природными контрастами. Более половины площади страны занимают равнины, среди которых выделяются низменности: Прикаспийская, Северо-Казахстанская и Приаральская, четвертую часть занимают мелкосопочники, низкогорья и среднегорья. На юге, юго-востоке и востоке, на одной десятой части, расположены высокогорья Жетысуского и Заилийского Алатау, Тарбагатай и Алтай.

Горные районы Южного и Восточного Казахстана являются местом отдыха населения. Этому способствует возможность заниматься здесь активными видами отдыха и спортом. Все большее развитие получает лыжный туризм, многие туристы и отдыхающие устремляются сюда, чтобы полюбоваться красотами ледников и озер, альпийских лугов и лесных массивов. Здесь также имеется возможность для прокладки интересных горно-пешеходных маршрутов различных категорий сложности .

Очень разнообразен и климат республики. Территория республики имеет большую продолжительность числа часов солнечного сияния, особенно в летнее время, что увеличивает комфортность отдыха, создает возможности для решения ряда проблем санаторного лечения и туризма.

Леса, степи, горы, долины и воды Казахстана отличаются богатством и пестротой животного мира. Здесь сохранились многие редкие млекопитающие, сюда прилетает на зимовку огромное количество птиц из лесостепной полосы, тайги и тундры. Фауна Казахстана насчитывает почти 160 видов млекопитающих, 485 видов птиц, около 150 видов рыб. Казахстан богат подлинными памятниками природы – экзотическими скалами и пещерами, образовавшимся в результате деятельности воды, ветра и ледников, водопадами, захоронениями ископаемой фауны и флоры, местами обитания редких видов животных и т.д. Поражают также старые и уникальные в декоративном отношении деревья, редкие виды растений, участки речных долин и побережий, отдельные валуны, геологические обнажения, пещеры, источники подземных вод, водопады и другие природные памятники.

Важнейшие ландшафтные памятники неживой природы в Казахстане – экзотические скалы Окжетпес, Сфинкс, Верблюды в горах Кокшетау, гранитные останцы Каменная голова, Баба-Яга в Баянаульских горах, знаменитый Поющий бархан в долине реки Или, захоронения третичной фауны Гусиный перелет на реке Иртыш, ископаемой флоры и фауны в долине реки Тургай,